

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы N 117 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 473 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Орал Байғонысұлы Мұхамеджановтың Мәскеу қаласында (Ресей Федерациясы) болу мерзімін ұзарту қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінің қызметкері Д.Т. Омаровты Мәскеу қаласына (Ресей Федерациясы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы N 117 қаулысына мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

1-тармақта "19" деген сан "20" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Қазақстан Республикасының</i>
<i>Премьер-Министрі</i>
<i>К. Мәсімов</i>